

«Бекітемін»

ҚР БҒМ вице-министрі

Суханбердиева Э.А.

2017 ж.



**Орта білімнің оқу жетістіктерін сырттай бағалау бойынша қазақ тілі пәніне арналған тест спецификациясы**

Қазақстан Республикасының бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты және бастауыш білім берудің оқу пәндері бойынша оқу бағдарламалары негізінде құрастырылған құжат.

**1. Мақсаты:** жалпы білім беретін орта мектептердің 4 сынып оқушыларының **қазақ тілі** пәні бойынша дайындық деңгейлерін анықтау.

**2. Тест мазмұны:** Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: бірінші деңгей– 7 тапсырма, екінші деңгей –5 тапсырма, үшінші деңгей – 3 тапсырма.

Қазақ тілі пәні бойынша тест бастауыш білім берудің оқу бағдарламасына сай мына бағыттағы тапсырмалардан тұрады:

№	Бөлім	№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Фонетика	01	Дыбыс және әріп. Буын.	01	Дауысты дыбыстар Дауыссыз дыбыстар
				02	Буын. Тасымал. Буын үндестігі. Дыбыс үндестігі
02	Лексика	01	Сөз және оның мағынасы	01	Сөз мағыналары. Мағынасы бір-біріне жуық сөздер. Мағынасы қарама – қарсы сөздер. Көп мағыналы сөздер
				02	Күрделі сөздер. Біріккен сөз. Қос сөз. Қысқарған сөз
03	Морфология	01	Сөз құрамы	01	Түбір және қосымша
				02	Сөз таптары
		02	Сөз таптары	01	Зат есім
				02	Сын есім
				03	Сан есім
				04	Есімдік
				05	Етістік
				06	Одағай
07	Үстеу				
08	Шылау				
04	Синтаксис	01	Сөйлем	01	Сөйлемнің түрлері
				02	Сөйлемнің бірыңғай мүшелері
				03	Жай сөйлем және құрмалас сөйлем. Қыстырма сөз. Тұрлаусыз мүшелер
				04	Мәтін. Әңгімелеу мәтіні. Сипаттау мәтіні. Пайымдау мәтіні

### **3. Тест жоспары:**

**Фонетика** – 2 тапсырма

**Лексика** – 2 тапсырма

**Морфология** – 8 тапсырма

**Синтаксис** – 3 тапсырма

### **4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:**

Оқу бағдарламасы бойынша 4-сыныптың соңында оқушылар:

- ауызекі және жазба тілді;
- буын және дыбыс үндестігін;
- мәтіннің құрылымы мен түрлерін;
- сөйлемнің тұрлаулы (бастауыш, баяндауыш), тұрлаусыз мүшелерін және бірыңғай мүшелерді;
- жалаң және жайылма сөйлем түрлерін;
- сөз тіркесін;
- синоним, антоним, омонимдерді;
- күрделі сөздерді, олардың түрлерін;
- сөз таптары мен олардың түрлену жүйесін;
- жай сөйлемге синтаксистік талдау жасауды;
- жай сөйлемді құрмаласқа айналдыруды;
- мәтіннен қыстырма сөздерді табуды;
- сөз таптарын ажырату, талдау және оларды топтастырып, өзара салыстыруды;
- мәтіндегі тірек сөздерді табуды және олармен мәтін құрауды
- қоршаған орта мен мақсатқа сәйкес диалог, монолог құруды;
- берілген мәтінге жоспар жасауды меңгеруі тиіс.

### **5. Тапсырмалар орындалуының орташа уақыты:**

Тесттің бір тапсырмасын орындап шығуға белгіленген уақыт – 2 минут. Тесттің толық орындалу уақыты – 30 минут.

### **6. Жеке тапсырмалар мен жалпы жұмысты бағалау:**

Дұрыс орындалған әр тапсырма үшін тестіленуші 1 балл алады. Дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл. Тест тапсырмасы толығымен дұрыс орындалған жағдайда 15 балл алады.

ҰТО директоры



Р. Әлімқұлов